

2000 жылдың 21 қыркүйегінде "Қазақстан Республикасы теміржолшыларының кәсіби одағы" қоғамдық бірлестігінің IV Съезінде өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, бекітілген

«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі Орталық Кеңесінің 2016 жылғы 21 қазандағы №4.п.1. қаулысымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген

"Теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің Қазақстандық салалық кәсіптік одағы" қоғамдық бірлестігінің Орталық кеңесімен өзгерістер мен толықтырулармен бекітілген (2025 жылғы 26 ақпандағы № 3 п.6 қаулы)

«Қазақстан Республикасы теміржолшыларының кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің 2010 жылғы 29 қыркүйектегі VI съезінде өзгерістерімен және толықтыруларымен бекітілген

Өзгерістер мен толықтырулар «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі Орталық Кеңесінің 2022 жылғы 19 қаңтардағы №3 қаулысының 2 бабымен бекітілді

**«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің бастауыш ұйымы туралы
ЕРЕЖЕ**

(2025 жылдың 26 ақпанындағы жағдай бойынша жаңартылған)

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Бастауыш ұйым «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің, бұдан әрі – «Кәсіподақ», бірыңғай ұйымдық құрылымының негізі болып табылады. Ол құрылтай жиналысында Кәсіподақтың бір мекемеде еңбек ететін кемінде үш мүшесі қатысатын болса, заңды тұлға болмай ақ құрылады және ұйым деңгейіндегі әлеуметтік әріптестікте қызметкерлердің өкілетті өкілі болып әрекет етеді.

Кәсіподақ бастауыш ұйымында цехтық кәсіподақ ұйымдары, кәсіподақ топтары құрылуы мүмкін.

1.2. Кәсіподақтың бастауыш ұйымы Құрылтай жиналысында ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары мен меншік нысандарына қарамастан, темір жол саласының бір кәсіпорнының (мекемесінің, ұйымының) кемінде үш адамы не қызметкерлері болған жағдайда құрылады.

Құрылтай жиналысының өткізілетін күні мен орны туралы шешімді Кәсіподақтың тиісті филиалы, ол болмаған жағдайда - бастауыш ұйымды құруға ниет білдірген қызметкерлерден өтініш берілетін Кәсіподақтың Атқару Комитеті қабылдайды.

Құрылтай жиналысы өткізіліп және Кәсіподақтың бастауыш ұйымы құрылған соң Кәсіподақ филиалы кәсіподақтың Атқару Комитетіне барлық тиісті құжаттарды ұсынады.

Кәсіподақтың Атқару Комитеті шешім қабылдағаннан кейін бастауыш ұйым жұмыс берушінің өндірістік құрылымын ескере отырып, Кәсіподақ филиалының кәсіптік қызмет көрсетуге қабылданады.

Тікелей жұмыс берушінің құрылымдық бөлімшесінде орналасқан бастауыш Кәсіподақ ұйымы Кәсіподақ филиалының кәсіби қызметіне қабылданады және оның құрылымдық буыны болып табылады.

Кәсіподақтың бастауыш ұйымы жұмыс берушінің құрылымдық бөлімшесінен аумақтық алыстығы жағдайында және Кәсіподақтың басқа филиалының аумағында орналасқан кәсіподақтың өзге филиалдың кәсіптік қызмет алуына құқылы.

Кәсіподақ филиалы болмаған жағдайда бастауыш ұйым кәсіптік қызмет көрсетілуі үшін Кәсіподақтың Орталық аппаратына қабылданады.

1.3. Бастауыш ұйым өзінің қызметін Конституцияға, Қазақстан Республикасының Заңдарына, халықаралық құқықтың жалпы нормаларына, Кәсіподақ Жарғысына және осы Ережеге сай жүзеге асырады.

1.4. Бастауыш ұйымның белгіленген үлгідегі мөрі, бланкілері және мөртабаны болу құқығы бар.

1.5. Бастауыш ұйым өз қызметінде мемлекеттік билік органдарына, жұмыс берушілерге, саяси және басқа да қоғамдық ұйымдарға тәуелді емес, оларға есеп бермейді және бағынбайды. Олармен тең құқықтық ынтымақтастық негіздерінде және әлеуметтік әріптестік принциптерінде қарым-қатынас жасайды.

1.6. Кәсіпорынның, мекеменің немесе ұйымның ұйымдық-құқықтық мәртебесі өзгергенде немесе ұйымдастырылғанда, қайта ұйымдастырылғанда

(бөлу, бөліп тастау, қайта құру), сондай-ақ кәсіптік ұйым жұмыс істейтін кәсіпорыннан жұмыскерлерді ауыстырыла (ауыса) отырып, жаңа кәсіпорындар құрылған кезде кәсіподақ ұйымын қайта ұйымдастыру жөніндегі жиналыс (конференция) өткізілгенге дейін Кәсіподақ мүшелерінің алдындағы құқықтары мен міндеттемелері немесе оның одан әрі қызметі туралы өзге де шешім болғанға дейін бастауыш кәсіподақ ұйымы және оның сайланбалы органдары өз өкілеттіктерін барлық мүлктік және өзге де құқықтарымен толық көлемде жүзеге асыруды жалғастырады.

Кәсіпорындарды біріктіру/қосу арқылы жаңа кәсіпорын құру кезінде Кәсіподақтың жаңа бастауыш ұйымын құру үшін бірлескен жалпы жиналыс (конференция) өткізіледі.

2. ҰЙЫМҒА МҮШЕЛІК

2.1. Ұйымға мүшелік Кәсіподақ Жарғысының негізінде жүзеге асырылады және ерікті болып табылады. Кәсіподаққа мүшелерді қабылдау мүше болғысы келетін адамның жеке өтініші бойынша жүргізіледі.

2.2. Кәсіподақ мүшелері негізгі жұмыс орны немесе оқу орны бойынша бастауыш ұйымда есепке тұрады.

Есепке алу есептік карточкалар бойынша немесе электрондық тасығышта жүзеге асырылады.

2.3. Кәсіподаққа сол кәсіпорында (мекемеде, ұйымда) жұмыс істейтін әрбір адам немесе еңбек қызметімен айналысушы, көліктік жоғарғы және орта оқу орнының оқушысы, студенті, сонымен қатар Кәсіподаққа мүше болуға тілек білдірген, Жарғыны, осы Ережені мойындайтын және мүшелік жарналарды төлейтін кез-келген азамат мүше бола алады.

2.4. Кәсіподақ жарналары белгіленген мөлшерде төленген жағдайда кәсіподақ өтілі мен мүшелігі сақталады:

- саны/штаты қысқаруына, таратылуына байланысты еңбек шарты бұзылған қызметкерлер - оларды темір жол саласындағы ұйымға кәсіпорынға жұмысқа орналастырған сәтке дейін, бұл ретте жұмысқа орналасу мерзімі 3 айдан аспауы тиіс;

- жасы, мүгедектігі бойынша зейнеткерлікке шығуына байланысты жұмысын тоқтатқандарға;

- заңнамада белгіленген тәртіппен жұмыс берушінің актісіне қарсы және жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шарты бұзылған қызметкерлер, бұл ретте темір жол саласының ұйымына, кәсіпорнына одан әрі жұмысқа орналасу мерзімі 3 айдан аспауы тиіс.

2.5. Кәсіподаққа мүшелік тиісті кәсіподақ органының шешімі бойынша Кәсіподақтан шыққан кезде тоқтатылады.

Кәсіподақтан шығару туралы мәселе Кәсіподақ мүшесінің жарғылық міндеттерін орындамауы, сондай-ақ Кәсіподақтың бірлігіне нұқсан келтіретін және оған зиян келтіретін іс-әрекеттер жасалғанда қаралады.

Кәсіподақтан шығару туралы шешімді Кәсіподақтың жоғары тұрған органдары және оның құрылымдық бөлімшелері қабылдайды.

Бұл шешім Кәсіподақ мүшесінің қатысуымен қабылданады. Ол дәлелсіз себеппен келмеген жағдайда, оның қатысуынсыз шешіледі. Егер жиналысқа қатысушылардың немесе оның отырысына қатысатын сайланбалы орган

мүшелерінің кемінде үштен екісі, яғни дауыс саны жеткілікті болған кезде шешім қабылданды деп есептеледі.

2.6. Кәсіподақ мүшесінің екі ай мерзім ішінде оны Кәсіподақ мүшелігінен шығарылуы туралы шешім бойынша жоғары тұрған кәсіподақ органына шағымдануға құқылы.

Кәсіподақтан шығарылған кәсіподақ мүшелігіне жалпы негіздерде қабылдануы мүмкін, бірақ шығарылғаннан кейін 6 айдан ерте емес.

2.7. Жұмыстан босатуға немесе басқа жұмысқа ауысуына байланысты бастауыш ұйыммен байланысын үзген кәсіподақ мүшесі Кәсіподақ есебінен шығарылады.

Кәсіподақтан шығарылған адам Кәсіподаққа мүше ретінде жалпыға бірдей негізбен қабылдана алады, бірақ шыққаннан кейін 6 ай мерзімінен бұрын емес.

2.8. Жасы бойынша зейнетке шығуына, мүгедектілігіне, штаттың қысқаруына, ұйымның, кәсіпорынның жабылуына байланысты жұмысты тоқтатқандардан басқа дәлелді себепсіз мүшелік жарналарын қатарынан үш ай бойы төлемеген Кәсіподақ мүшесі Кәсіподақ мүшелігінен шығарылады.

2.9. Төленген мүшелік жарналарының сомасы оған қайтарылмайды.

2.10. Кәсіподақ мүшелері бастауыш ұйымның қызметіне белсене қатысқаны үшін:

- алғыс жариялау;
- Кәсіподақ белгісі және марапат грамоталарымен,
- Кәсіподақ бөлімшесінің грамоталарымен;
- ақшалай сыйақылармен, құнды сыйлықтармен, кәдесыйлармен;
- демалыс үйлеріне және санаторлық-курорттық емделуге арналған, сондай ақ туристік жолдамалар сияқты көтермелеу шараларымен атап өтілуі мүмкін.

3. ҰЙЫМ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Бастауыш ұйым Кәсіподақ Жарғысында, осы Ережеде көзделген өз мүшелерінің құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етеді.

3.2. Кәсіподақ мүшелері:

- Кәсіподақ және оның сайлау органдары тарапынан мемлекеттік билік органдарында, жұмыс берушінің алдында, сот органдарында өздерінің еңбек, кәсіби, әлеуметтік-экономикалық және басқа да құқықтары мен мүдделерін қорғауға;
- кәсіподақ органдарына кеңес алу үшін жүгінуге, өтініштері мен ұсыныстарын беруге;
- жоғары тұрған кәсіподақ органдарына бұқаралық акцияларды ұйымдастыру туралы, оның ішінде митингілер, демонстрациялар, шерулер, ереуілдер өткізу туралы ұсыныстармен жүгінуге;
- еңбек және өзге де дауларды шешу кезінде кәсіподақ органдары көрсететін заң көмегін пайдалануға және олардың тарапынан қолдау көруге;
- Кәсіподақ қызметіне қатысуға;
- Кәсіподақ қаражатынан материалдық және қайырымдылық көмек алуға;
- сайланбалы кәсіподақ органдарына үміткерлер ұсынуға және ұсынылуға;

- Кәсіподақтың жергілікті актілерінде көзделген қосымша жеңілдіктер мен өтемақыларға;
- Кәсіподақтың қатысуымен құрылған кәсіпорындардың, мемлекеттік емес мекемелердің, акционерлік қоғамдардың және т. б. акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды басым тәртіппен сатып алу, кәсіподақ қорларының, сақтандыру компанияларының қызметтері мен құралдарын пайдалануға;
- Кәсіподақ Жарғысына және осы Ережеге сәйкес белгіленген басқа да құқықтарды пайдалануға құқылы.

3.3. Кәсіподақ мүшелеріне қосымша жеңілдіктер бастауыш ұйымның және Кәсіподақтың жоғары тұрған органдарының қаржылық мүмкіндіктеріне қарай, тиісті комиссияның шешімі бойынша Кәсіподақтың жергілікті актілеріне сәйкес беріледі.

3.4. Кәсіподақ қаражатынан материалдық және қайырымдылық көмек алу құқығы, қосымша жеңілдіктер мен өтемақылар Кәсіподақ мүшелігіне алғаш кірген күннен бастап 6 ай өткен соң беріледі.

Кәсіподақ қаражатынан материалдық және қайырымдылық көмек алу құқығы, Кәсіподақ мүшелігіне қайта кіруші қызметкерлер үшін қосымша жеңілдіктер мен өтемақылар кәсіподақ мүшелігіне қабылданған күннен бастап 6 айдан бұрын берілмейді.

3.5. Кәсіподақ мүшесі:

- Кәсіподақ Жарғысын сақтауға, кәсіподақ ұйымының жұмысына қатысуға, оның және жоғары тұрған органдардың шешімдері мен тапсырмаларын орындауға;
- белгіленген тәртіппен мөлшерде ай сайын мүшелік жарналарды төлеуге;
- еңбек және ұжымдық шартта (келісімдерде) қаралған міндеттерді орындауға;
- Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделері қорғалғанда оларға тілектестік білдіруге, Кәсіподақтың ұжымдық іс-әрекеттерін қолдауға;
- Кәсіподақтық қозғалысқа зиян келтіретін және Кәсіподақ бірлігіне нұқсан келтіретін әрекеттерге кедергі жасауға міндетті.

4. КӘСІПОДАҚТЫҢ ІШКІ ДЕМОКРАТИЯСЫ

4.1. Бастауыш ұйым өзінің жұмысын салалық кәсіподақ қозғалысының бірлігі негізінде құрады.

4.2 Бастауыш ұйым өз қызметін:

- бастауыш ұйымдарының барлық құрылымдарын төменнен жоғары қарай сайлау, оларды сайлаған кәсіподақ мүшелерінің және Кәсіподақтың жоғары органдары алдында жыл сайын есеп беру;
- Кәсіподаққа ерікті түрде кіру және одан еркін түрде шығу;
- барлық сайлау органдарының жұмысына алқалық ету, шешімдер мен тапсырмалардың орындалуы үшін дербес жауапкершілік;
- мәселелерді талқылау және шешімдер қабылданғаннан соң әрекеттер бірлігі сатысында пікірлер плюрализмі, пікірталас еркіндігі;
- Кәсіподақ органдарының алқалық қабылдаған шешімдерін орындау міндеттілігі;
- шешімдер қабылдау кезінде жарғылық талаптардың үстемдік құруы қағидаттары негізінде жүзеге асырады.

5. КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Бастауыш ұйым кәсіпорынның экономикалық жағдайы мен ұйым мүшелерінің мүдделерін есепке ала отырып, негізінен еңбек және онымен байланысты басқа да әлеуметтік-экономикалық мәселелерге, ұйым мүшелерінің құқықтық қорғалуына баса назар аудара отырып, оларға заңнамалармен, ұжымдық шарттар және келісімдермен салыстырғанда қосымша жеңілдіктер мен кепілдемелерді ұсына отырып, олардың рухани қажеттіліктерін барынша толық қанағаттандыруға, ұйымдық жұмысты жақсартуға және ұйымның қаржылық базасын нығайту мәселесіне зейін қойып өз қызметінің басым бағыттарын айқындайды.

5.2. Бастауыш ұйымның негізгі міндеті кәсіпорынның экономикалық жағдайының тұрақтылығын нығайту, жұмыс орындарын сақтау, қызметкерлердің еңбекақысын өсіру үшін кәсіпорынның мүмкіндіктерін пайдалану болып табылады.

5.3. Бастауыш ұйым ұйымдағы еңбек, экономикалық, әлеуметтік қарым қатынастарды реттеуге қатысты ішкі құжаттарды өңдеуге қатысады.

5.4. Бастауыш ұйым кәсіподақ мүшелерінің мүддесі үшін ұжымдық шарт жобасына ұсыныстар жинау, сондай-ақ ұжымдық шарт нормаларын өзгерту және толықтыру жөнінде ұсыныстар жинау бастамасын көтереді.

5.5. Бастауыш ұйым еңбек жағдайлары мен ұжымдық шарт нормаларының кешенді іс-шараларының орындалуына қоғамдық бақылау жүргізеді.

6. БАСТАУЫШ ҰЙЫМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

6.1. Бастауыш ұйымның жоғарғы органы болып жиналыс (конференция) табылады, ол қажетінше бір жылда кем дегенде бір рет өткізіледі. Жиналыстың (конференцияның) болатын күні, күн тәртібі мен өтетін жері Кәсіподақ мүшелеріне оны өткізуге белгіленген мерзімнен кемінде екі апта бұрын хабарланады.

6.2. Кезектен тыс жиналыс (конференция) Кәсіподақ комитетінің (цехкомның) бастамасымен, ұйым мүшелерінің үштен бірінің қалауымен немесе жоғары тұрған кәсіподақ органының ұсынысы бойынша шақырылады.

Кезектен тыс жиналыстың (конференцияның) болатын күні, күн тәртібі мен өтетін жері Кәсіподақ мүшелеріне оны өткізуге белгіленген мерзімнен кемінде бір апта бұрын хабарланады.

Жиналыс жұмысына бастауыш ұйым мүшелерінің жартысынан көбі қатысса, жиналыс заңды болып саналады.

Конференцияның жұмысына сайланған делегаттардың кемінде үштен екісі қатысса, ол заңды болып саналады.

6.3. Конференцияға делегаттар бөлімшелердегі Кәсіподақ мүшелерінің олардың санына байланысты өкілдік нормасын сақтау кезінде «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінде есептік - сайлау кампанияларын жүргізу жөніндегі Нұсқаулықта белгіленген тәртіппен сайланады.

Бастауыш ұйымының төрағасы және оның орынбасары лауазымдары бойынша конференция делегаттары болып саналады.

6.4. Жиналыс (конференция) кәсіподақ комитеті отырысының бекітілген күн тәртібіне сәйкес бастауыш ұйымның қызметіне қатысты кез келген мәселені шешуге құқылы.

Жиналыстың (конференцияның) айрықша құзыреттілігіне:

- Кәсіподақ ұйымының сайланбалы органдарының қызметінің барлық бағыттары бойынша және бұрын қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есептерін тыңдайды, олардың жұмысына баға береді

- бастауыш ұйымның (кәсіподақ, цехком) және тексеру комиссиясының төрағасын сайлау;

- бастауыш ұйымның кірістері мен шығыстарының сметасын, қаржы есебін және тексеру комиссиясының есебін бекітеді

- босатылған кәсіподақ қызметкерлерінің штатын (жоғары тұрған кәсіподақ органының келісімі бойынша) және босатылмаған кәсіподақ комитетінің (цехкомның) төрағасына қосымша ақы белгілейді

- сайлау органының мүшелерін және тексеру комиссиясының мүшелерін сайлайды (немесе өкілеттіктерді тікелей беру кезінде өкілеттіктерді растайды).

- өкілдік нормасына сәйкес Кәсіподақ съезіне, Кәсіподақтың тиісті филиалдың конференциясына делегаттарды сайлайды;

- шешім қабылдайды:

- бастауыш Кәсіподақ ұйымының сайланбалы органдарының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы;

- Атқару комитетінің қарауына осы шешімді ұсына отырып, Кәсіподақтың бастауыш ұйымының қызметін тоқтату туралы

- Жарғыға және қолданыстағы заңнамаға сәйкес бастауыш кәсіптік ұйым қызметінің басқа да мәселелерін қарайды.

6.5. Жиналыс (конференция) Кәсіподақтың тиісті филиалының келісім негізінде Кәсіподақ комитетінің төрағасына орындалатын кәсіподақ жұмысы үшін төлемнің көлемі мен мерзімін белгілейді, сондай-ақ қаржылық мүмкіндіктерді ескере отырып, кәсіподақ комитеті төрағасының мәртебесін анықтайды.

Бастауыш ұйымның барлық сайланбалы және штаттық қызметкерлеріне ақы төлеу мөлшері кәсіподақ ұйымының ай сайынғы қаражатының 50 пайызынан аспауы тиіс.

Кәсіподақ атынан бастауыш ұйымның төрағасымен (босатылған) еңбек шартына сенімхат негізінде Кәсіподақтың тиісті филиалдың төрағасы қол қояды.

6.6. Бастауыш ұйымдағы ағымдық жұмыстарды жүргізу үшін:

- кемінде 30 мүшені біріктіретін ұйымдағы кәсіподақ ұйымдастырушысы;

- кәсіподақ комитеті - Кәсіподаққа 30 және одан артық мүшелерін біріктіретін ұйымда сайланады.

- Кәсіподақтың 30 және одан да көп мүшелерін біріктіретін ұйымдағы кәсіподақ комитеті, цех комитеті (кәсіподақ, цех);

6.7. Аумақтық алшақтық жағдайда жұмыс істейтін бастауыш ұйымның кәсіподақ комитетінің шешімі кәсіподақ комитеті мүшелерінен жазбаша түрде, сондай-ақ онлайн режимде сауалнама арқылы қабылдануы мүмкін.

6.8. Кәсіподақ комитеті жиналысы (конференция) құзыретіне жататын сұрақтардан басқа, бастауыш ұйым қызметінің барлық мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

6.9. Кәсіподақ комитетінің шешімімен бастауыш ұйымның құрылымдық бөліктерінде кәсіподақ топтары, цехтық комитеттер құрылуы мүмкін. Ағымдағы жұмысты жүргізу үшін оларда:

- кәсіподақ тобында – топтық кәсіподақ ұйымдастырушысы (ТКУ), топ активі;
- цехтық комитетте – төраға, оның орынбасары сайланады.

6.10. Жиналыс (конференция) шешімі бойынша цехтық ұйымға өз құзырындағы ағымдағы мәселелерді шешу үшін бастауыш ұйымның құқықтары берілуі мүмкін.

6.11. Кәсіподақ комитеті өз жұмыс органдарының құрамын және олардың өкілеттіктерін өз бетінше анықтайды.

6.12. Кәсіподақ комитетінің мәжілісі қажетіне қарай, бір тоқсанда кемінде бір рет өткізіледі, сондай ақ мүшелерінің жартысынан астамы қатысса ғана заңды болады;

6.13. Кәсіподақ комитеті жұмыс берушімен өз қатынастарын әлеуметтік серіктестік және өндірістік қызметке араласпаушылық қағидаттары негізінде құрайды.

6.14. Кәсіподақ комитеті жиналыс (конференция) арасындағы кезеңде бастауыш ұйымның қызметін ұйымдастырады, кәсіпорындарда цех және басқа кәсіподақ органдарының жұмысына басшылық жасайды, жиналыс (конференция) шешімдерінің және кәсіподақ жоғары органдарының шешімдерін орындауды қамтамасыз етеді.

6.15. Кәсіподақ комитеті:

- кәсіпорында еңбек және әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша нормативтік актілерді әзірлеу кезінде ұсыныстарды жұмыс берушіге ұсынады;
- ұжымдық шарт жобасы бойынша Кәсіподақ мүшелерінің ұсыныстарын жинайды, әзірленген жобаны кәсіпорын бөлімшелеріне жеткізеді;
- жұмыс берушімен бірлесіп тең құқылы негізде ұжымдық келіссөздер жүргізу үшін комиссия, қажет болған жағдайда келіссөздер барысында келіспеушіліктерді реттеу үшін татуластыру комиссиясын ұйымдастырады, келіссөздерде өз өкілдеріне сараптамалық, кеңес беру және өзге де көмек түрлерін көрсетеді;
- жоғары тұрған кәсіподақ органының келісімі бойынша еңбек ұжымының талаптарын заңда белгіленген тәртіппен жиналыстар, митингілер, ереуілдер, наразылықтар және басқа да акциялар өткізу арқылы қолдау ісін ұйымдастырады;
- еңбекті қорғау және еңбек қатынастары саласындағы заңнаманың сақталуына қоғамдық бақылау ісін жүзеге асырады;
- кәсіпорын (мекеме, ұйым) қызметкерлерінің еңбек жағдайларының жай-күйіне және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тәуелсіз сараптама жүргізеді;
- өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсібіне байланысты туындайтын ауруларды тергеп-тексеру ісіне қатысады, сондай-ақ оларды жеке тергеп-тексеру жұмыстарын жүзеге асырады;
- кәсіпорын қызметкерлері және бірінші кезекте кәсіподақ мүшелері арасында жұмыссыздықтың алдын алу жөніндегі шараларды әзірлеуге қатысады, жұмыс

берушінің жаппай жұмыстан босату туралы уақтылы ақпарат беруін, жұмысшылар қысқартылған жағдайда заңнамада белгіленген кепілдіктердің сақталуын бақылайды, өтемақылар мен жәрдемақылардың төленуін қадағалайды.

- қажет болған жағдайда жұмыс берушінің назарына қызметкерлерді босатуға байланысты мерзімдерді ауыстыру немесе іс-шараларды уақытша тоқтату туралы немесе қызметкерлерді кезең-кезеңімен босату туралы ұсыныстар жасайды

- белгіленген тәртіппен босатылған қызметкерлердің – Кәсіподақ мүшелерінің мүдделерін қорғау бойынша шаралар қабылдайды.

- жұмыс уақыты және демалыс уақытына қатысты мәселелерді шешуге, ауысым кестелерін қабылдауға, жұмыс тізімін, тамақтану тәртібі мен орнын, демалысты ұсынудағы кезектілікті, демалысты келесі жұмыс жылына ауыстыруды анықтауға, мерзімнен тыс жұмысқа тартуға және т.б. қатысады;

- еңбекке ақы төлеу мен материалдық, моральді ынталандыру жүйесін жасап шығаруға және жүзеге асыруға, жылдық жұмыс қорытындысы бойынша сыйақы ұсыну, сыйақы төлеу туралы ережелерді бекітуге, еңбек нормаларын қайта қарауға қатысады;

- жекелеген қызметкерлер категорияларының еңбегін реттеуге қатысады;

- еңбек және еңбекті қорғау ережелері туралы заңнамаларды сақтау бойынша комиссияларды құрады және қоғамдық инспекторларды сайлайды;

- Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша сот органдарына жүгінеді;

- Кәсіподақ мүшелері үшін тегін кеңес беру және құқықтық көмек беру жұмыстарын ұйымдастырады, қажет болған жағдайда бастауыш ұйым қаражатынан қорғаушыларды, білікті кеңес берушілерді шақырады, жеке еңбек даулары қаралған жағдайда оларды сотта және басқа органдарда қорғау үшін өз өкілін жұмылдырады;

- кәсіпорын ардагерлері – Кәсіподақ мүшелеріне қамқорлық танытады, оларға қажетті көмек көрсету, меншік түрі ауысу барысында олардың мүдделеріне қысым жасалмауын қадағалау, қажет болғанда кәсіподақ тапсырмаларын орындауға оларды тартады;

- Кәсіподақ мүшелерін есепке алуды ұйымдастырады, Кәсіподаққа қабылдау және Кәсіподақ мүшелігінен шығару кезінде жарғылық нормалардың сақталуын қадағалайды;

- Кәсіподақ мүшелерінің ескертпелері мен ұсыныстарын жинауды және жүзеге асыру ісін ұйымдастырады;

- Кәсіподақ мүшелері арасында жалпылама мүдделер бойынша олардың пікірлерін анықтау әдістерін қолдана отырып, әлеуметтік сауалнама ұйымдастырады және өткізеді;

- Кәсіподақ мүшелері арасында кәсіподақ мүшелерінің еңбек, әлеуметтік-экономикалық және басқа құқықтары мен мүдделерін қорғаудағы кәсіби одақтың құқықтары мен рөлі туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізеді;

- еңбек ұжымында құқықтық және экономикалық білімді, кәсіпорындағы, өңірдегі, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай туралы ақпаратты таратуды ұйымдастырады;

- сайланбалы Кәсіподақ органының мүшесіне тәртіптік жаза қолданылған немесе онымен еңбек шарты бұзылған жағдайда дәлелді пікір беру туралы жазбаша өтінішті тіркейді, кәсіподақ, цехком отырысының күнін белгілейді.

Өтінішті қарау тәртібі, дәлелді пікір беру мерзімдері Ұжымдық шартта айқындалған.

6.16. Кәсіподақ комитетінің (цехкомның) төрағасы:

6.17. Осы бастауыш ұйымның есебінде тұрған, сол кәсіпорынның (ұйымның) сайланбалы Кәсіподақ органдарында кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар және сол жерде жұмыс істейтін кәсіподақ мүшесі Кәсіподақтың бастауыш ұйымының (кәсіподақ, цехтың) төрағасы болып сайлана алады.

6.18. Кәсіподақтың бастауыш ұйымының төрағасы (кәсіподақ, цех) бастауыш ұйымның өкілетті өкілі болып табылады және өкілетті:

- кәсіподақ жиналысының (конференциясының), кәсіподақ комитетінің (цехкомның) құзыретіне жатпайтын кезек күттірмес мәселелерді шешу;
- ағымдағы мәселелерді пысықтау және жалпы жиналыстың (конференцияның), кәсіподақ комитетінің (цехкомның) шешімдерін дайындау үшін уақытша комиссиялар, жұмыс топтарын құру, кәсіподақ комитетінің (цехкомның) жұмысына сарапшыларды, мамандарды, кәсіподақ белсенділерін тарту;
- кәсіподақ комитетінің (цехкомның) отырыстарын шақыру және жүргізу, қабылданған шешімдер мен отырыстардың хаттамаларына қол қою;
- кәсіподақ комитетінің (цехкомның) штаттық қызметкерлерінің жұмысына басшылық жасау;
- заңды тұлғаның сенімхаты бойынша Кәсіподақ атынан ұжымдық шарттарға қол қою;
- ақшалай операцияларды бекітілген сметаға сәйкес жүзеге асыру, шарттарды келісу;
- кәсіподақ активін оқытуды ұйымдастыру;
- Кәсіподақ мүшелерінің жарналарын қолма-қол ақшасыз төлеу және оларды кәсіподақ мүшелерінің жеке өтініштері болған кезде әкімшілікпен келісім негізінде Кәсіподақ Жарғысында белгіленген мөлшерде кәсіподақ шотына аудару туралы мәселені шешу;
- Кәсіподаққа мүшелік жарналарды уақтылы, толық көлемде аударуға жауапты.

Кәсіподақ комитетінің (цехкомның) төрағасы материалдық жауапты тұлға болып табылады.

Кәсіподақтың бастауыш ұйымының төрағасымен еңбек шартын сенімхат бойынша филиалдың төрағасы жасайды.

Бастауыш Кәсіподақ ұйымының төрағасы үшін қашықтан жұмыс істеу түрі ТЖ режимі жарияланған жағдайда ғана қолданылады.

6.19. Кәсіподақ комитетінің (цехкомның) мүшелері:

6.20. Кәсіподақ (цехком) мүшелерінің:

- кәсіпорындағы, мекемедегі, ұйымдағы цехтарға, бөлімдерге және басқа да жұмыс орындарына кедергісіз бару және қарау;
- әкімшіліктен тиісті құжаттарды, мәліметтерді, жалақы бойынша есеп айырысуларды және басқа құжаттарды сұратуға құқылы.

6.21. Кәсіпорынды мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру кезінде кәсіподақ комитеті:

- жекешелендіру жөніндегі комиссияның құрамына және қайтадан құрылатын кәсіпорындардың кәсіподақ комитетінің құрамына кіреді;
- еңбек ұжымы, Кәсіподақтың мүшелері үшін ұжымдық шартпен қарастырылған жеңілдіктердің сақталуына қоғамдық бақылау жасауды жүзеге асырады, олардың құқықтары мен мүдделерін жан-жақты қорғайды;

Жұмыс берушінің өндірістік құрылымы өзгерген кезде Кәсіподақтың бастауыш ұйымына кәсіподақтың қызмет көрсетуі туралы шешім кәсіподақ комитетінің, цехкомның кеңейтілген отырысында қабылданады, филиалымен келісіледі, Кәсіподақтың Атқару комитетімен бекітіледі.

6.22. Сайланбалы кәсіподақ органдары өз жұмысында жиналысқа (конференцияға) және жоғары тұрған кәсіподақ органдарына есеп береді, жылына кемінде бір рет өз жұмысы туралы кәсіподақ мүшелерінің алдында есеп береді, статистикалық және қаржылық есептілікті Кәсіподақ филиалына ұсынады.

6.23. Бастауыш ұйымның сайланбалы органдарының (кәсіптік топтың, кәсіптік ұйымдастырушының, Кәсіподақ комитетінің) өкілеттік мерзімі бес жыл.

6.24. Егер Жарғыда өзгеше ештеңе көзделмесе, Кәсіподақ жиналысының (конференциясының), сайланбалы органдар отырысының шешімі, егер оларға жиналысқа қатысып отырған ұйым мүшелерінің, конференция делегаттарының, сайланбалы орган мүшелерінің жартысынан астамы дауыс берсе, онда ол қабылданған болып есептеледі.

6.25. Кәсіби органдардың төрағасы мен мүшелерін сайлау кезінде дауыс беру тәртібі мен нысанын жиналыс (конференция) айқындайды.

6.26. Басқа үміткерлерге қарағанда ең көп дауыс алған және жиналыс жұмысына қатысушылардың, конференция делегаттарының, кәсіби орган мүшелерінің жартысынан көп дауысына ие болған үміткерлер сайланды деп есептеледі.

6.27. Қажет болған жағдайда кәсіби органдарға немесе мерзімінен бұрын сайлауға дейінгі сайлау өткізілуі мүмкін.

Кәсіподақ комитетінің сайлауы оның құрамын ішінара жаңарту қажет болған жағдайда өткізіледі.

Мерзімінен бұрын сайлау Кәсіподақ комитетінің (цехкомның) кеңейтілген отырыстарында бастауыш ұйымның төрағасы, сайланбалы органдардың мүшелері өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде немесе жоғары тұрған Кәсіподақ органының шешімі бойынша кәсіподақ комитетінің (цехкомның), төрағаның қанағаттанарлықсыз жұмысы, Кәсіподақ Жарғысын өрескел бұзған жағдайда, сондай-ақ олардың жарғылық міндеттерін орындау мүмкін болмаған кезде өткізіледі.

6.27. Қажет болған жағдайда кәсіби органдарға сайлауға дейін сайлау немесе мерзімінен бұрын өтетін сайлау өткізілуі мүмкін.

Кәсіподақ комитетінің сайлауы оның құрамын ішінара жаңарту қажет болған жағдайда өткізіледі.

Мерзімінен бұрын өтетін сайлау Кәсіподақ комитетінің (цехкомның) кеңейтілген отырыстарында бастауыш ұйымның төрағасы, сайланбалы органдардың мүшелері өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде немесе жоғары тұрған кәсіподақ органының шешімі бойынша Кәсіподақ комитетінің

(цехкомның), төрағаның жұмысы қанағаттанарлықсыз деп табылып, Кәсіподақ Жарғысын өрескел бұзған жағдайда, сондай-ақ олардың жарғылық міндеттерін орындауы мүмкін болмаған кезде өткізіледі.

6.28. Кәсіподақтың бастауыш ұйымының төрағасы, оның орынбасары және тексеру комиссиясының төрағасы жиналыстың (конференцияның) шешімі бойынша сайланбалы органның жиналысында (конференциясында) да, кеңейтілген отырысында да сайлануы мүмкін.

Егер Жарғыда және осы Ережеде өзгеше ештеңе көзделмесе, бастауыш ұйымның төрағасын, оның орынбасарын және тексеру комиссиясының төрағасын сайлаған Кәсіподақ органы босатады.

6.29. Жұмыс берушілердің өкілдері кез келген деңгейдегі Кәсіподақтың сайланбалы органдарында бола алмайды.

7. КӘСІПОДАҚ МҮЛІГІН (ЖЕКЕ МЕНШІГІН) ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ, ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

7.1. Бастауыш ұйым Кәсіподақтан берілетін меншікке иелік ете алады.

7.2. Бастауыш ұйымның ақшалай қаржысы Кәсіподақтың Жарғысында көрсетілген көлемде, оның иелігіндегі қаржы және ай сайынғы кәсіподақтық жарналардан, кәсіпорындардың аударымдарынан, басқа да кіріс көздерінен түскен кірістерден құралады.

7.3. Ай сайынғы кәсіподақ жарналарының мөлшері

- жұмысшылар үшін еңбекақы төлеу қорына жататын есептеулердің барлық түрлерінен кемінде 1% ;
- штаттың қысқаруына, кәсіпорынның таратылуына байланысты және жұмыс істемейтін зейнеткерлерге, жұмысын уақытша тоқтатқандар үшін мемлекет белгілеген ең төменгі жалақының 1% - ы;
- студенттер мен оқушыларға арналған шәкіртақы мөлшерінің 1% көлемінде Кәсіподақ Жарғысына сәйкес белгіленеді.

7.4. Мүшелік жарналар кәсіподақ Жарғысына сәйкес кәсіподақ мүшесінің өтініші бойынша еңбекақы төлеу қорына жататын есептеулердің барлық түрлерінен ақшасыз аударымдар арқылы төленеді.

7.5. Мүшелік кәсіподақ жарналары толық көлемде кәсіподақтың есеп шотына аударылады.

Келіп түскен мүшелік жарналарды бөлуді Кәсіподақ Жарғысында белгіленген мөлшерде Кәсіподақ жүргізеді.

Басқа көздерден түскен қаражатты бастауыш ұйым жиналыс немесе конференция бекіткен смета бойынша жарғылық міндеттерді орындау үшін пайдаланады.

7.6. Кәсіподақ Жарғысында белгіленген мөлшерде келіп түскен мүшелік жарналарды Кәсіподақ бөледі.

Басқа қаржы көздерінен түскен қаражатты бастауыш ұйым жиналыс немесе конференция бекіткен смета бойынша жарғылық міндеттерді орындау үшін пайдаланады.

7.7. Бастауыш ұйымның төрағасы мүшелік жарналарды жиналу толықтығына, сондай ақ міндетті аударымдар мен бөлу тәртібінің сақталуына жеке басымен жауапты болады.

7.8. Бастауыш ұйымның қаражаты:

- штаттық аппаратты ұстау;
- Кәсіподақ комитетінің жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуге;
- Кәсіподақ мүшелеріне материалдық және қайырымдылық көмек көрсету;
- Кәсіподақ комитетінің шешімі бойынша кәсіподақ мүшелері мен кәсіподақ зейнеткерлерінің балаларына жолдамалар, сыйлықтар, мәдени-сауықтыру мекемелеріне билеттер сатып алу;
- көркемөнерпаздар үйірмелері мен шығармашылық мектептердің жұмысы;
- Кәсіподақ құратын қорлар мен кәсіпорындардың жарғылық қорына жарналар;
- кәсіподақ мамандарын даярлау және қайта даярлау, кәсіподақ активін оқыту жұмысын ұйымдастыру;
- қайырымдылық мақсаттары;
- кәсіподақ жарғысында, осы Ережеде және кәсіподақ жиналысының (конференциясының) шешімдерінде көзделген басқа да мақсаттарға жұмсалады.

7.9. Бастауыш ұйымның қаржы-шаруашылық және өзге де қызметін бақылауды оның тексеру комиссиясы мен жоғары тұрған кәсіби органдардың тексеру комиссиясы жүзеге асырады.

8. КӘСІПОДАҚТЫҢ БАСТАУЫШ ҰЙЫМЫНЫҢ ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ

8.1. Бастауыш ұйымның тексеру комиссиясы жиналыста (конференцияда) кәсіподақ комитетімен бір мезгілде әрі сондай өкілеттік мерзімге сайланады, Кәсіподақ съезі бекіткен осы комиссия туралы Ережеге сәйкес жұмыс істейді.

9. БАСТАУЫШ ҰЙЫМНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

9.1. Егер де кәсіпорындағы, мекемедегі, ұйымдағы кәсіподақ мүшелерінің саны оның құрылуы үшін Кәсіподақ Жарғысымен қарастырылған саннан кем болған жағдайда немесе сот шешімі бойынша бастауыш ұйымның қызметі жиналыс не конференцияның шешімімен тоқтатылуы мүмкін.

9.2. Шешім егер де оған кворум болған жағдайда жиналысқа қатысушылардың немесе конференция делегаттарының кемінде 2/3 дауысын берсе қабылданған болып саналады. Бастауыш ұйым жиналысының, конференциясының хаттамасы шешім қабылданғаннан кейін үш күн мерзімде тиісті филиалға және кәсіподақ ОК Атқару комитетіне жіберіледі.

9.3. Бастауыш ұйымның қызметін тоқтату туралы шешім қабылданған жағдайда Кәсіподақ ОК жиналысы (конференциясы) немесе Атқару Комитеті құрамына Кәсіподақ филиалының Тексеру комиссиясының мүшесі кіретін тарату комиссиясын тағайындайды.

Тарату комиссиясы қолда бар мүлікті, ақша қаражатын бағалайды, дебиторлармен және кредиторлармен, сайланбалы және жалдамалы қызметкерлермен есеп айрысады.

Тарату комиссиясының есебін Кәсіподақ ОК Атқару комитеті бекітеді.

Қалған мүлік пен қаражат Жарғыда көзделген мақсаттарға жұмсалады.

9.4. Мекеменің, ұйымның, кәсіпорынның құрылымы өзгерген кезде немесе қызметкерлерді босата отырып таратылған кезде бастауыш ұйым тиісті бөлімшенің, Атқару комитетінің немесе Кәсіподақ Орталық Кеңесінің сайланбалы органының шешімі бойынша қайта ұйымдастырылуы немесе оның қызметі тоқтатылуы мүмкін.

9.5. Жұмыс беруші Кәсіподақтың бастауыш ұйымының қызметіне араласуға, оның қызметін тоқтату немесе тоқтата тұру туралы актілер қабылдауға құқығы жоқ.

10. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

10.1. Осы Ережеде көрсетілмеген барлық мәселелер бойынша Кәсіподақ Жарғысын басшылыққа алу қажет.

10.2. Осы Ережеге түсінік беру, оның негізі болатын принциптеріне қайшы келмейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу құқығы Кәсіподақтың Орталық Кеңесіне тиесілі.